

ЖЕМ - САҒЫЗ

№25 (7885) 25 маусым, Бейсенбі 2026 жыл



<https://zhemsagyz.kz/>



zhemsagyzgazeti@mail.ru

23 маусым – Мемлекеттік қызметшілер күні

АДАЛ ҚЫЗМЕТ – ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМ НЕГІЗІ



Билік пен бұқара арасындағы алтын көпір саналатын мемлекеттік қызметшілер кәсібі мерекелерін ерекше форматта атап өтті. «Адал қызмет – әділетті қоғам негізі» атты салтанатты шарада халыққа қалтқысыз қызмет етудің маңызы айтылып, ел игілігі жолында еңбек етіп жүрген үздіктер марапатталды. Кештің басты ерекшелігі – мемлекеттік қызметшілердің қызметтен тыс шығармашылық қырын танытып, кәсіби өнер иелерімен бірге сахна төрінде өнер көрсетуі болды.



Мемлекеттік қызмет – жай ғана лауазым емес, ел алдындағы зор жауапкершілік пен адал еңбек. Жиын барысында мемлекеттік аппараттың ашықтығы мен әділдігі, әрбір қызметкердің кәсібилігі мен тазалығы бүгінгі қоғамның басты талабы екені ерекше атап өтілді.

Алғашқы болып сөз алған аудан әкімінің міндетін атқарушы Руслан Обаев мемлекеттік қызметшілерді кәсіби мерекемен құттықтап, сала ардагерлеріне мемлекеттік қызметтің дамуы мен қалыптасуына қосқан үлесі және өскелең буынға көрсеткен өнегелі тәжірибесі үшін алғыс білдірді.

– Мемлекеттік қызмет ету – үлкен абырой әрі зор жауапкершілік. Осы салада еңбек етіп жүрген барша әріптестеріме, отбасыларына амандық, дендеріне саулық, атқарып жатқан жұмыстарына береке тілеймін. Мерекелеріңіз құтты болсын! – деді ол.

Мерекелік басқосудың ең салтанатты сәті – марапаттау рәсімі болды. Көп жылдар бойы мінсіз қызмет атқарып, мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге, ауданның әлеуметтік-экономикалық және инфрақұрылымдық дамуына үлес қосқан, сондай-ақ қоғамдық жұмыстарда, оның ішінде экологиялық

және құқықтық мәдениетті қалыптастыру бағытында белсенділік танытқан бірқатар қызметкерлер Ақтөбе облысының әкімі Асхат Шахаровтың Алғыс хатымен, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің Алғыс хатымен, «Қызмет» салалық кәсіподағының Құрмет грамотасымен және аудан әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Сонымен қатар мемлекеттік қызметті таңдаған жас мамандар Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына адал болуға, халыққа қалтқысыз қызмет етуге салтанатты түрде ант берді. Олардың қатарында Жарқамыс ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маманы Ришат Алпысбай, Көлтабан ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы Зульфия Жарекешева және аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімінің бас маманы Ақторғын Миханова бар.

Жиын ел дамуы жолында аянбай еңбек етіп жүрген мемлекеттік қызметшілерге арналған мерекелік концерттік бағдарламамен жалғасып, сахна төрінде олардың шығармашылық қабілеттері де көпшілікке ұсынылды.

Ө.ӘНУАРБЕК

18 маусым – Медицина қызметкерлері күні

АҚ ХАЛАТТЫ АБЗАЛ ЖАНДАРҒА ҚҰРМЕТ

Медицина қызметкерлері күніне орай ауданда адам жанының арашасы болып жүрген ақ халатты абзал жандарға арналған салтанатты іс-шара ұйымдастырылды. Мерекелік кешке денсаулық сақтау саласының ардагерлері, дәрігерлер, орта буын медицина қызметкерлері мен сала мамандары қатысып, олардың ел саулығын сақтаудағы ерен еңбегі мен кәсіби біліктілігіне құрмет көрсетілді.



Адам өміріне жауапкершілікпен қарап, күн-түн демей қызмет атқарып жүрген медицина мамандарының еңбегін ұлықтауға арналған шарада алдымен аудан әкімінің орынбасары Нұржан Адаев сөз сөйлеп, жиналған қауымды кәсіби мерекемен құттықтады. Ол өз сөзінде денсаулық сақтау саласының қоғамдағы маңызы ерекше екенін атап өтіп, тұрғындардың денсаулығын қорғау жолында аянбай еңбек етіп жүрген мамандарға алғыс білдірді.

Өз кезегінде аудандық аурухананың басшысы Досбол Әуезов әріптестерін кәсіби мерекемен құттықтап, Гиппократ антына адалдық танытып, адам өміріне араша болып жүрген ақ халатты жандардың еңбегі әрдайым құрметке лайық екенін айтты. Сонымен қатар ол сала мамандарына мықты денсаулық, отбасыларына амандық, жауапты қызметтерінде табыс пен толағай жетістіктер тіледі.

Мерекелік жиын барысында денсаулық сақтау саласында ұзақ жылдар бойы жемісті еңбек етіп, кәсіби шеберлігімен ерекшелен-

ген бірқатар мамандарға марапаттар табысталды. Атап айтқанда, сала қызметкерлері еселі еңбегі үшін «Qatqog» кәсіподақ ұйымының «Мейірім» медалімен және Алғыс хаттарымен, облыстық денсаулық сақтау басқармасы мен «AMANAT» партиясының және аудандық Жастар ресурстық орталығының Алғыс хаттарымен марапатталды.

Айта кетейік, Ақтөбе қаласында өткен шарада Денсаулық сақтау министрлігінің «Денсаулық сақтау ісіне қосқан елеулі үлесі үшін» Жан-шат Кереева облыс әкімі Асхат Шахаровтың қолынан арнайы төсбелгі алды. Бұл марапат оның көп жылғы қажырлы еңбегі мен салаға сіңірген зор үлесінің айқын көрінісі болды.

Салтанатты шара ән мен жырдан құралған концерттік бағдарламамен жалғасты. Кеш барысында медицина қызметкерлеріне арналған жүрекжарды лебіздер айтылып, олардың құрметіне әсем әндер шырқалды.

«Жем-Сағыз» ақпарат



23 маусым – Полиция қызметкерлері күні

АНТҚА АДАЛ – ЕЛГЕ ҚОРҒАН

Ауданда Қазақстан полициясы күніне арналған «Антқа адал – елге қорған» атты салтанатты іс-шара өтіп, қоғамдық тәртіп пен ел тыныштығын қамтамасыз ету жолында аянбай еңбек етіп жүрген тәртіп сақшыларына құрмет көрсетілді. Мерекелік кеш аясында сала ардагерлеріне тағзым жасалып, қызмет барысында өмірден өткен полиция қызметкерлері мен ардагерлерінің рухына құрмет ретінде Батырлар саябағында гүл шоқтары қойылды.

Іс-шараға құқық қорғау саласының ардагерлері, полиция қызметкерлері мен сала өкілдері қатысып, ішкі істер органдары қызметкерлерінің қоғамдағы маңызды рөлі мен жауапкершілігі кеңінен сөз болды.

Салтанатты жиында аудан әкімінің міндетін атқарушы Руслан Обаев тәртіп сақшыларын кәсіби мерекелерімен құттықтап, ел тыныштығы мен халық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолындағы адал қызметтері үшін алғысын білдірді.

Кешке арнайы қатысқан Ақтөбе облысы полиция департаменті ардагер-

Шара барысында ҚР Ішкі істер министрлігі Ақтөбе облысы полиция департаментінің бастығы, полиция генерал-майоры Қ.Әліевтің Алғыс хатымен аудандық полиция бөлімінде қызмет атқарған, бүгінде өмірден өткен қызметкерлер мен ардагерлерді еске алуға арналған іс-шараны жоғары деңгейде ұйымдастыруға қолдау көрсетіп, оның мазмұнды әрі тағылымды өтуіне үлес қосқаны үшін аудан әкімі Айбек Көпенов марапатталды.

Сонымен қатар, бірқатар сала қызметкерлері мен ардагерлері, дүниеден өткен қызметкерлер мен ардагерлердің туы-



лер кеңесінің төрағасы Ырғызбай Кенжеханов ардагерлер мен полиция қызметкерлерін мерекемен құттықтап, тағылымды бастаманы ұйымшылдықпен өткізіп отырған азаматтарға ризашылығын жеткізді. Облыстық полиция департаментінің жеке құраммен жұмыс жөніндегі басқарма бастығының орынбасары, полиция майоры Артур Өбдірешов те әріптестеріне ізгі тілегін арнады.

Өз кезегінде облыстық ардагерлер кеңесінің мүшесі Дүйсен Лауенов 1966 жылы Байғанин жеріне келіп, ішкі істер органдарындағы қызмет жолын бастаған кезеңнен сыр шертіп, мамандықтың жауапкершілігі мен қиындығы туралы естеліктерімен бөлісті.

стары аудан әкімінің, облыстық полиция департаменті ардагерлер ұйымының, аудандық полиция бөлімі мен оның ардагерлер ұйымының Алғыс хаттарымен марапатталып, олардың кәсіби шеберлігі мен мінсіз қызметі жоғары бағаланды.

Жиында ел қауіпсіздігі жолында ұзақ жылдар абыройлы қызмет атқарған ардагерлердің өнегелі жолы дәріптеліп, қызметтік міндетін атқару кезінде қаза тапқан полиция қызметкерлерінің рухына тағзым жасалды.

Мерекелік шара мәдени бағдарламамен жалғасып, өнерпаздар мен полиция қызметкерлері сахна төрінде өнер көрсетіп, көпшілікке көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

«Жем-Сағыз» ақпарат

28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күні

ТУҒАН ТОПЫРАҚТАН ТҮЛЕГЕН ТІЛШІЛЕР

Журналистика – жүрек пен жауапкершілікті қатар талап ететін мамандық. Байғаниннің қасиетті топырағында өсіп, ауылдың ақжарқын мінезі мен елдің аманатына сусындаған талай қалам иесі бүгінде ақпарат кеңістігінде өз қолтаңбасын қалыптастырып келеді. Қай ортада еңбек етсе де, туған жерге деген сағыныш пен перзенттік парыз олардың шығармашылығынан айқын аңғарылады. Кәсіби мереке қарсаңында «Байғаниндік тілшілер» айдарында туған өлкенің атын абыроймен асқақтатып жүрген жерлес журналистердің ой-толғамын оқырман назарына ұсынамыз.



Раукен Отыншин,
«Ақтөбе Медиа» компаниясының директоры, Қазақстан Журналистер одағы облыстық ұйымының төрағасы

Журналистиканың басты қағидасы - шындық пен жауапкершілік

- Мен Байғанин өңірінен шыққанымды әрдайым мақтан тұтамын. Көлшілікке мәлім, Байғанин жері ел аузында «Кіші Жазушылар одағы» деп аталады. Өйткені бұл қасиетті өлкеде Бәкір Тәжібаев, Тобық Жармағанбетов, Сағи Жиенбаев, Өтежан Нұрғалиев, Есенбай Дүісенбайұлы, Сәбит Баймолдин, Қажығали Мұқанбетқалиев сынды ақын-жазушылар дүниеге келген. Оның үстіне бұл аудан – қазақылықтың қаймағы бұзылмаған, төл тарихы мен салт-дәстүрін терең сақтап қалған өңір. Сондықтан туған жердің әр тасы, әр уыс топырағы мен үшін қымбат. Менің журналистикаға келуім бала күннен басталды. Мектеп қабырғасында жүргенде күнделік жазуды әдетке айналдырдым. Сол күнделіктерімде ойларымды қағазға түсіріп, ұнаған сөздерді түртіп қоятынмын. Күнделік жазу менің болашақ мақсатыма бағыт берді, өмірге деген құлшынысымды арттырды. Бүгінгі таңда мені өзім армандаған мамандыққа жеткізген де сол бала кездегі сөз өнеріне деген қызығушылық пен еңбекқорлық деп ойлаймын. Жалпы, адам өмірінде нақты мақсат қоя білу мен оған адал болудың маңызы зор.

Мен басылымдарды республикалық, облыстық немесе аудандық деп бөліп қарауды құптаймын. Өйткені мемлекеттік ақпарат құралдарының миссиясы ортақ. Ол – мемлекет саясатын халыққа жеткізу, билік пен бұқара арасында алтын көпір болу, қоғамның сұранысына сай қызмет ету. Бір сөзбен айтқанда, газет – жай ғана ақпарат құралы емес, идеологиялық күш. Газет шығару – оңай жұмыс емес. Оның жауапкершілігі жоғары. Тасқа басылған әр сөздің салмағы бар. Сондықтан біз үшін оқырманмен тығыз байланыс орнату әрдайым маңызды. Ең алдымен оқырманды толғандырған мәселелерге мән беруге тырысамыз. Біздің негізгі оқырманмыз ауылдарда тұрады. Сол себепті ауыл тіршілігі әрқашан назарымызда. Оқырмандармен кездесіп, түрлі мәдени шаралар өткізіп, олардың сенімін сақтап қалуға күш саламыз. Бүгінде жаңа технологиялар қарқынды дамып келеді. Соның игілігін көріп, жаңа медиада жетістікке жетіп жүрген жастардың көбейгенін қуантады. Дегенмен қандай заман болса да, өз көсібіне адал болып, қиындыққа мойымаған аға буын өкілдерінің жолы кейінгі толқынға үлгі болып қала береді. Сол дәстүр жалғасады деп сенемін. Облыстық «Ақтөбе» және «Актюбинский вестник» газеттерінің ғасырдан асқан тарихы бар. «Ақтөбе» газетінің жарық көргеніне биыл 102 жыл, ал «Актюбинский вестник» 108 жыл толып отыр. Бұл басылымдардың бірнеше буын оқырманы қалыптасқан. Біздің газеттерді елу-алпыс жылдан бері үзбей оқып келе жатқан жанашыр жандар аз емес. Сол оқырманның сенімінен шығу үшін үздіксіз ізденіп, олардың сұранысына сай материалдар ұсынуға тырысамыз.

Мен аудандық басылымдардың да осы бағытты ұстанғанын қалаймын. Өкінішке қарай, соңғы жылдары кейбір аудандық газеттердегі мақалалардың салмағы жеңілдеп, сапасы төмендеп бара жатқанын байқауымыз. Бұл мәселеге әріптестеріміз ерекше көңіл бөлсе екен деймін. Өйткені оқырман сапалы дүниені күтеді. Ақпарат ағыны күшейген заманда аудандық газеттердің өміршеңдігін сақтап қалудың бірден-бір жолы – оқырманын жоғалтпау. Ал оқырманды сақтап қалу үшін оның сұранысына сай, мазмұнды дүниелер ұсыну керек. Газет – сенімді ақпарат көзі. Мұнда әр дерек тексеріліп, сараланып барып жарияланады. Сондықтан аудандық басылымдардағы журналистер жаңашылдыққа, жан-жақты ізденіске және салмақты ой айтуға ұмтылуы қажет. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың кітап оқу мәдениетін дамыту туралы бастамасын мен өте маңызды қадам деп санаймын. Өйткені кітап та, газет те – ұлттың рухани казынасы. Кітап адамның дүниетанымын кеңейтсе, газет оқимын ой-санасын қалыптастыруға қызмет етеді. Ол ақпарат таратушы ғана емес, елдік мүддені дәртейтін, тәрбиелік мәні зор құрал. Сондықтан үлкендер жастарға кітап пен газет оқудың маңызын түсіндіруі керек.

Ал журналистиканың басты қағидасына келсек, мен үшін ең маңыздысы – шындық пен жауапкершілік. Журналист тексерілген деректерге сүйеніп, объективті ақпарат беруі тиіс. Өрине, шындықты айтамын деп шектен шығып кетуге де болмайды. Қазір әлеуметтік желілерде ақпараттық манипуляциямен айналыса-

тындар көбейіп барады. Көп жағдайда олар қоғамның емес, жеке бастың мүддесін алға қояды. Сондықтан журналист әрдайым кәсіби этиканы сақтап, қоғам алдындағы жауапкершілікті жоғары қоюы керек. Өйткені журналистика – сенімге негізделген мамандық.

Арайлым Қасым,
«Тандем» радиосының дикторы:

“Жем-Сағыз” - мен үшін үлкен мектепке айналды

- 2017 жылы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің филология мамандығын тәмамдаған соң, ертесіне-ақ еңбек жолымды бастадым. «Аудандық газетке тілші керек» дегенді естіп, өзім келіп Ұлықпан Қадіров пен Бақытгүл Боранбаевамен жолықтым. Олар жұмысқа қабылдап, осылайша журналистикадағы алғашқы қадамым басталды.

Филолог мамандығын алған кешегі студент үшін газет ісіне бірден бейімделу оңай болған жоқ. Сондықтан «Жем-Сағыз» газеті мен үшін үлкен мектепке айналды. Алғашқы еңбек жолым Төлеген Айбергеновтің мерейтойымен және Байғанин ауданының 90 жылдығы аталып өткен кезеңмен тұспа-тұс келді. Сол уақытта елге танымал журналистер, ғалымдар, академиктер мен туған жерден шыққан белгілі азаматтар келіп, олармен кездесіп, сұхбаттасу бақыты бұйырды.

Жұмысқа кіріскеннен кейін көп ұзамай әріптестерімнің еңбек демалысына шығуына байланысты екі аптаның ішінде газетті жұлғыз өзім шығаруға тура келді. Қасымыда тек газет дизайнері ғана болды. Алғашқы нөмір, өрине, кемшіліксіз болған жоқ. Бірақ сол қателіктердің өзі мен үшін үлкен тәжірибе мектебіне айналды. Жалпы, сол редакциядағы әрбір күн, әріптестерден көрген өнеге, кездескен адамдардың бәрі – бүгінге дейін өмірлік сабақ болып келеді.

Қазір Ақтөбе қаласындағы «Тандем» радиосында диктор-журналист әрі жаңалықтар жүргізушісі болып еңбек етемін. «Жем-Сағыздан» кейін «Ырғыз» аудандық газетінде, облыстағы қазақ тілінде шығатын жалғыз тәуелсіз басылым – «Керек инфо» газетінде қызмет атқардым. Өр ортадан өзіме қажетті тәжірибе мен тағылым алдым. Жалпы, адам жүріп өткен жолының әр белесінен сабақ алады деп ойлаймын.

Кейде аудандық газеттің ыстық-суығын сағын тұрамын. Бүгінде «Ырғыз» аудандық газетімен қашықтан байланыс үзілген жоқ. Ресми қызмет болмаса да, тілшілік жұмыстарды атқарып келемін. Аудандық газеттің өзіне тән ерекше атмосферасы, өзіндік қызығы бар. Қажет кезде үйде отырып-ақ бір нөмірді толық дайындап шығуға болатын мүмкіндігі де белек.

Облыстық және аудандық газеттің айырмашылығы айтарлықтай. Облыстық басылымда барлық ауданның тыныс-тіршілігі қамтылады. Сол кезде ауыл тақырыбына деген қызығушылығым арта түсті. Негізгі мақсатым тек Байғанинді ғана емес, жалпы ауыл өмірін, ондағы жаңалықтар мен халықтың мұң-мұқтажын жазу болды. Үлкен газетте де осы бағыттан айныған жоқпыз. Айырмашылық негізінен ауқымында ғана. Көлемі кеңейгенімен, көтерілетін мәселе мен журналистиканың басты миссиясы өзгерген жоқ.

БАҚ қызметкерлер күні қарсаңында бұрынғы және қазіргі әріптестерімді кәсіби мерекемен құттықтаймы! Шығармашылық табыс, толағай жетістіктер тілеймін. Қай қызметтің биігінен көрінсеңіздер де, ол – адал еңбектің жемісі. Халықтың алғысына бөленіп, абыройларыңыз арта берсін. Өйткені қызмет те, мансап та өткініш, ал елдің ықыласы мен жақсы сөздері архивтегі құжаттай уақыт сынынан өтіп, ұрпақтан-ұрпаққа сақталады.

Осы орайда аудандық «Жем-Сағыз» газетінде бірге қызмет атқарған Бақытгүл Жалғасбайқызына ерекше алғысымды білдіргім келеді. Ештеңе білмейтін жас маманға шынайы ұстаздық етіп, журналистика атты үлкен өлемге жетелеген жан – сол кісі. Алғаш қарсы алғандағы ақ пейілі мен қамқорлығы үшін әрдайым ризамын. Сондай-ақ дизайнер Мадияр ағайдан сабыр сақтап, асықпай жүріп анық басуды үйрендім. Редактор Ұлықпан ағайдың да берген тәлімі мен көрсеткен жолы мен үшін қашанда қымбат. Негізгі, әрқайсысына алғысымды сағаттап айтсам да артық болмас еді. Бүгінде аз да болса жақсы атым шығып жатса, оның артында сол кісілердің еңбегі мен сенімі жатыр деп білемін. Сондықтан қалдырған іздеріңіз бен бөліскен тәжірибелеріңіз үшін баршаңызға шексіз алғысымды білдіремін.

Әйгерім ЖАРТИНА

Мереке аясында

АУДАННЫҢ ҮНІ – АДАЛ ОҚЫРМАННЫҢ ҚОЛЫНДА

Ақпарат ағыны толассыз заманда жаңалықты бір сәтте білуге мүмкіндік молайғанымен, аудандық басылымға деген оқырман ықыласы әлі де бәсеңдеген жоқ. Өйткені газет – тек ақпарат құралы ғана емес, туған өлкенің тыныс-тіршілігін, ел ішіндегі игі бастамалар мен қуанышты жаңалықтарды, аудан тұрғындарының жетістіктерін жұртшылыққа жеткізетін рухани шежіре. Біреулер үшін бала күннен үйге үзбей келетін басылым болса, енді бірі үшін аптаның ең күткен сәті – газет парақтау. Газет бетінде жарық көрген таныс есімдер мен туған ауылдағы жаңалықтар оқырман көңіліне қуаныш ұялатып, елмен етене жақындата түседі. Осы орайда, аудандық басылымды жылдар бойы серік етіп, оның әр санын асыға күттейтін тұрақты оқырмандардың ой-пікірі мен газетке деген ыстық ықыласын оқырман назарына ұсынамыз.

Айсан Жиенбай, Жарқамыс ауылының тұрғыны, зейнеткер, “Алтын алқа” иегері:



- Мен газет-журнал, әдеби кітаптарды көп оқып өскен ұрпақтың адамымын. «Жем-Сағыз» газетін де бірнеше жылдан бері үзбей оқып келемін. Бұл басылым ауылдың тыныс-тіршілігін, ел ішіндегі жаңалықтар мен жақсы істерді жұртқа жеткізіп келе жатқан құнды газет деп білемін. Соның арқасында ауылдағы өзгерістерден, ел ішіндегі маңызды мәселелерден хабардар

болып отырамыз.

Газет бетінде еңбек адамдары, ақ жаулықты аналар, өнегелі қариялар, жалынды жастар туралы мақалалар көбірек жарияланып тұрса екен деген тілегім бар. Ауылдың дамуы, елдің ынтымағы, салт-дәстүріміз бен тәрбиелік мәні зор дүниелер де оқырманға әрдайым қажет.

Қазір әлеуметтік желі дамыды, ақпарат лезде тарайды. Дегенмен, мен үшін газеттің орны белек. Біз газет, кітап оқып өскен буынбыз ғой. Газеттегі әрбір мақала сараланып, ел өмірімен сабақтастырылып жазылады. «Жем-Сағызды» қолыма алып, парақтап отырған кезде туған ауылымның тыныс-тіршілігін сезініп, жақсы жаңалықтарға қуанамын. Газет – бүгінгі күннің шежіресі, ертеңгі ұрпаққа қалатын асыл мұра деп есептеймін. Осы орайда «Жем-Сағыз» газетінің ұжымына шынайы ризашылығымды білдіремін. Халық пен елдің арасындағы алтын көпір болып жүрген еңбектеріңіз жемісті болсын. Қаламдарыңыз мұқалмасын, шығармашылық табыстарыңыз артып, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық тілеймін. Газетіміздің ғұмыры ұзақ болып, оқырманы ортаймасын!

Балтабай Тілеулі, Қарауылкелді ауылының тұрғыны, еңбек ардагері, аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы, қоғамдық кеңес мүшесі:



– Аудандық «Жем-Сағыз» газетін сонау «Ленин туы» аталып тұрған кезден, яғни 1975 жылдан бері үзбей оқып келемін. 1978 жылы оқуға түсе алмай қалып, Қарауылкелді совхозына қарапайым жұмысшы болып орналастым. Сол уақыттан бастап аудандық газетке тұрақты жазылып, әр санын асыға күтетін әдет қалыптасты. Газет арқылы ауданның тыныс-тіршілігін, ел ішіндегі

жаңалықтарды, еңбек адамдарының жетістіктерін, ауылдардағы өзгерістерді біліп отырдық. Ол кезде ақпараттың көзі де осы газет болатын.

Бүгінде де аудандық басылым өз оқырманынан қол үзген жоқ деп ойлаймын. Газетте көтеріліп жатқан мәселелер, жарияланып жатқан мақалалар, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, мәдениет пен руханият, еңбек адамдары жайлы материалдар көңілден шығады. Әсіресе, ауданымыздың өсіп-өркендеуіне үлес қосып жүрген азаматтар туралы мақалалар жастарға өнеге болады.

Дегенмен алдағы уақытта аудан тарихына, шежіресіне, көне жәдігерлер мен зерттелмей жатқан тарихи орындарға, ескерткіштерге көбірек көңіл бөлінсе деген тілек бар. Өткенін таныған ұрпақтың болашағы да берік болады. Сондай-ақ ауыл өмірі, жастар тәрбиесі, ұлттық құндылықтар, салт-дәстүр, спорт саласындағы жетістіктер, ауыл шаруашылығындағы жаңалықтар мен еңбек адамдары жайлы танымдық мақалалар жиірек жарияланса, нұр үстіне нұр болар еді.

Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Қанша жерден технология дамып, ақпарат көздері көбейгенімен, қолға ұстап, парақтап газет оқудың орны белек. Газеттің иісі мен әр бетіндегі тағылымды дүниелер оқырманды өзіне тартып тұрады. Сондықтан аудандық басылымның ғұмыры ұзақ болып, оқырманы ортаймасын деп тілеймін. Алда келе жатқан Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күніне орай барша журналистер мен баспасөз саласының ардагерлерін шын жүректен құттықтаймын! Отбасыларыңызға амандық, бақ-береке, мереке тілеймін!

Алма Бірмағанбет, Қарауылкелді ауылының тұрғыны, көп балалы ана:



- «Жем-Сағыз» газетімен менің байланысым бала кезден басталды. Әкеміз үйімізге аудандық басылымды жыл сайын үзбей жаздырып алатын. Содан бері газеттен қол үзген емеспін. Ауданымыздағы жаңалықтар мен маңызды оқиғалардан осы басылым арқылы хабардар болып, ел ішіндегі өзгерістерді жіті бақылап келемін.

Мен үшін «Жем-Сағыз» газетінің басты ерекшелігі – жергілікті жаңалықтарды шынайы әрі уақытылы жеткізуде. Басылым аудан тұрғындарының жетістіктерін, қоғамдық өмірдегі елеулі оқиғаларды кеңінен насихаттап, ел мен

жердің тыныс-тіршілігін айқын көрсетіп келеді. Сондықтан әр саны мен үшін қашанда құнды.

Осы ауданда өмір сүргендіктен, газет бетінде өзімнің де, таныстарымның да суреті мен мақаласын талай рет көрдік. Еңбектің елге танылып, басылым бетінде жариялануы әр адамға ерекше қуаныш пен мақтаныш сыйлайды.

Менің еңбек жолым да аудандық газетпен тығыз байланысты. Бұрынғы «Ленин туы», қазіргі «Жем-Сағыз» газетінде 1980 жылдан 1998 жылға дейін арнаулы тілші болып қызмет атқардым. Алдымен Алматы полиграфия училищесін бітіріп, кейін Мәскеу полиграфия институтын сырттай тәмамдадым. Газет жұмысы мен үшін тек мамандық емес, өмірлік мектеп болды.

Газеттің жабылуына байланысты еңбек жолымды №3 Қарауылкелді орта мектебінде жалғастырдым. Қазір зейнеткерлік демалыстамын. Дегенмен, өзім қызмет еткен қарашанырақ басылымнан қол үзген емеспін. «Жем-Сағыз» газетінің әр санын асыға күтіп, тұрақты оқырманы ретінде оқып отырамын. Өйткені ауданның өткені мен бүгінгі, елдің қуанышы мен тынысы осы басылым бетінде көрініс табады. Сондықтан «Жем-Сағыз» газетінің ғұмыры ұзақ болып, оқырманымен бірге жасай беруіне тілектеспін.

Жансая Әндірбаева, Ебейті ауылының тұрғыны:



- Аудандық «Жем-Сағыз» газетіне үш-төрт жылдың көлемінде тұрақты жазылып, үзбей алып келемін. Қолымызға тиген сайын «ауданда қандай жаңалық болып жатыр екен, ел ішінде қандай игі істер атқарылуда?» деген қызығушылықпен әр бетін мұқият қарап шығамыз. Газеттен ауданымыздағы қоғамдық-саяси, мәдени, әлеуметтік жаңалықтармен танысып, ауылдар-

да атқарылып жатқан жұмыстарды, ел игілігі үшін салынып жатқан нысандар мен жүзеге асырылып жатқан жобаларды оқып, көңіліміз марқайып қалады.

Әсіресе, жерлестеріміздің жетістіктері, түрлі байқауларда топ жарып жүрген жастар, еңбек адамдары мен ардагерлер туралы мақалалар ерекше қызығушылық тудырады. Айналамыздағы таныс адамдардың, туыстарымыз бен жерлестеріміздің газет бетінде суреті шығып, жетістігі жарияланса, қуанып, сүйінші сұрап, бір-бірімізге көрсетіп жатамыз. Өйткені аудандық газет – елдің қуанышын ортақтастырып, жақсылықты насихаттайтын алтын көпір. Қазіргі ақпараттық заманда жаңалықты телефоннан да оқуға болады. Дегенмен, қолымызға ұстап, газет парақтап оқудың әсері белек. Газеттегі әрбір мақала ой салып, туған жердің тыныс-тіршілігінен хабардар етіп отырады. Сондықтан аудандық басылымның оқырманы көбейіп, ел игілігі жолындағы еңбегі еселене берсін деймін.

Гүлзира Ілжан, Қарауылкелді ауылының тұрғыны, тәрбиеші:

- «Шаттық» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі ретінде 2008 жылдан бері еңбек етіп келемін. Сол уақыттан бері аудандық «Жем-Сағыз» газетіне тұрақты жазылып, әр санын асыға күтіп оқимын. Уақыт өте келе газет біздің ұжым үшін жай ғана басылым емес, дәстүрге айналды десем артық емес. Әріптестерімнің басым бөлігі де аудан тынысынан хабар беретін басылымға тұрақты жазылады.

Газет қолымызға тиген сайын алдымен ауыл жаңалықтарына көз жүгіртеміз. Әсіресе, ауданнан шыққан жақсы жаңалықтарды, ауылдастарымыздың жетістіктерін, таныс жандардың есімі мен суретін көргенде ерекше қуанышқа бөленеміз. Бір адамның жетістігі тұтас ауылдың мерейін өсіріп, елдің рухын көтереді. Бұрын өзіміздің де балабақшадағы жұмыстарымыз газет бетінде жарияланып тұратын. Сондай сәттерде еңбегіміздің еленгеніне марқайып, газетке деген ықыласымыз арта түсетін.

Егер маған газет бетінде бір өзекті тақырыпты көтеруге мүмкіндік берілсе, туған жерді көркейту мен көгалдандыру мәселесіне назар аударар едім. Әсіресе, ауыл жастарын, түрлі мекемелердің қызметкерлерін, мектеп пен балабақша тұлғаларын игі іске жұмылдырып, жыл сайын тал егу дәстүрін қалыптастыру жөнінде мақала жазғым келеді. Өйткені туған жердің табиғатын аялап, оны жасыл желекке айналдыру – кейінгі ұрпақ алдындағы ортақ міндет. Биыл мен тәрбиелеген ересек топтың 14 бүлдіршіні балабақшамен қоштасып, мектеп табалдырығын аттағалы отыр. Сол бүлдіршіндеріміз балабақша аумағына тал егіп, өздерінен кейінгі буынға өнеге болатын игі іс жасады. Бұл бастама балалардың туған жерге деген сүйіспеншілігін арттырып қана қоймай, олардың бойына жауапкершілік пен қамқорлық сезімін ұялатады. Осындай үлгілі істер көпшілікке насихатталып, аудан көлемінде жақсы дәстүрге айналса деген тілегім бар.

Әйгерім КАРИМАН

Мереке иелері

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕГІ ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ: ТӘЖІРИБЕ МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ ҮНДЕСТІГІ

Мемлекеттік қызмет – сабақтастыққа негізделген, уақытпен бірге дамып, жаңарып отыратын маңызды сала. Бұл жүйеде аға буынның бай тәжірибесі мен жас мамандардың жаңашыл көзқарасы өзара үйлесім тауып, ортақ мақсат – халыққа адал қызмет ету жолында тоғысады. Бірі ұзақ жылдар бойы ел игілігі үшін еңбек етіп, мемлекеттік қызметтің қалыптасуы мен даму кезеңдерінің куәсі болса, енді бірі осы жауапты салаға жаңа қадам басып, туған жердің өркендеуіне өз үлесін қосуға ұмтылып келеді. Оларды біріктіретін басты құндылықтар – адалдық, әділдік, жауапкершілік және елге қызмет етуге деген шынайы ниет.

23 маусым - Мемлекеттік қызметші күні қарсаңында біз әр буын өкілдерінің еңбек жолына үңіліп, тәжірибе мен жаңашылдықтың үндестігіне, мемлекеттік қызметтегі ұрпақтар сабақтастығының мәні мен маңызына назар аудардық.

Мемлекеттік қызмет – тек лауазым мен міндеттер жиынтығы емес, ол халықтың сенімін арқалап, елдің дамуына үлес қосуды мақсат еткен жауапты жол. Осындай саналы ғұмырын еңбекпен өріп, ел игілігі жолындағы қызметпен жалғастырып келе жатқан жанның бірі – Жарқамыс ауылдық округінің көп жылғы тәжірибесі бар мемлекеттік қызметшісі Қымбат Аққожаева.

Оның еңбек жолы 1984 жылы Қарауылкелді жылжымалы құрылыс колоннасында сылақшы болып басталды. Екі жыл еңбек еткеннен кейін білімін жетілдіру



Еңбекпен өріпген өмір, епге қызметпен жапғасқан жол

мақсатында Орал қаласындағы Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институтының экономика факультетіне оқуға түседі. Жоғары оқу орнын тәмамдаған соң, 1991 жылы Ақжар совхозына есепші болып жұмысқа орналастып, мамандығы бойынша еңбек етеді. Кейін елдегі экономикалық өзгерістерге байланысты совхоз таратылып, әртүрлі салаларда қызмет атқарады.

Ал мемлекеттік қызметке келуі 2008 жылдан бастау алады. Сол кездегі ауыл әкімі Сатыбалды ағасының ұсынысымен бос орынға жарияланған конкурсқа қатысып, мемлекеттік қызмет қатарына қабылданады. Содан бері он жеті жылдан астам уақыт бойы ел мүддесіне қызмет етіп келеді.

– Мемлекеттік қызметке келген алғашқы жылдар мен бүгінгі кезеңді салыстырсақ, айырмашылық жер мен көктей. Ол кезде цифрландырудың өзі бізге таңсық еді. Есептер мен тапсырмаларды өткізу үшін ай сайын, кейде одан да жиі аудан орталығына баруға тура келетін. Қазір көптеген жұмыстар электронды форматқа көшті. Бұл – уақыт үнемдеп қана қоймай, қызмет сапасын арттырған үлкен өзгеріс, – дейді Қымбат Қожатілеуқызы.

Оның айтуынша, ауылдық округтегі мемлекеттік қызметтің өзіндік ерекшелігі бар. Қаладағыдай белгілі бір саламен ғана шектеліп қалмай, ауылдағы мамандар барлық қоғамдық жұмыстардың бел ортасында жүреді.

Қыс мезгіліндегі қарлы боран мен қолайсыз ауа райы, көктемгі

тасқынның алдын алу, жазғы өрт қауіпсіздігі, шөп шабу науқаны, шегірткеге қарсы күрес, мәдени-көпшілік іс-аралар – мұның барлығы ауылдағы мемлекеттік қызметкерлердің күнделікті тіршілігіне айналған.

Ауылда әкімнен бастап барлық маман өзіне жүктелген міндеттен бөлек, елдің тыныс-тіршілігіне ортақ жауапкершілікпен қарайтынын айтқан ол халықтың мәселесінің – мемлекеттік қызметшінің де мәселесі екенін баса айтты.

Мемлекеттік қызметте жүрген 18 жыл ішінде Қымбат Қожатілеуқызы әлеуметтік саланың дамуына да өзіндік үлесін қосып келеді. Оның айтуынша, уақыт өте келе қоғаммен бірге адамдардың да көзқарасы өзгеріп, мүмкіндіктерді тиімді пайдалану мәдениеті қалыптасқан.

Бұрынғы жылдары тұрғындардың басым бөлігі жәрдемақы алып, қоғамдық жұмыстарға орналасумен шектелсе, бүгінде жастар түрлі мемлекеттік бағдарламаларға қатысып, жеңілдетілген несиелер мен гранттарды пайдаланып, кәсіп ашуға бет бұрған. Бұл – халықтың ой-өрісінің кеңейіп, заман талабына сай дамып келе жатқанын көрсетеді.

Әсіресе, ауыл кәсіпкерлерінің қайырымдылық істерге белсене араласуы Қымбат Қожатілеуқызының жадында ерекше сақталған. Қиын жағдайдағы отбасыларға азық-түлік, шөп және басқа да қажетті көмектер көрсетіп, мұқтаж жандардың қуанышына куә болған сәттерді ол

қызмет жолындағы ең әсерлі естеліктерінің бірі ретінде бағалайды.

– Көмекке мұқтаж жандардың алғысын есту, жүздеріндегі қуанышты көру – ерекше сезім. Адамдарға жақсылық жасау ешқашан мәнін жоғалтпайды. Жылдар бойы мемлекеттік қызметте ұстанған басты қағидам – қарапайымдылық пен әділдік. Қандай қызмет атқарсаң да, адамгершілік қасиеттер мен адалдық бірінші орында тұруы тиіс. Бүгінгі жас мемлекеттік қызметшілерге де айтарым бар. Ең алдымен іскер, білімді, қарапайым әрі адал болу керек. Халықпен жұмыс істейтін маман әрдайым жауапкершілікті сезініп, өз ісіне жанашырлықпен қарауы қажет. Сонда ғана халықтың сеніміне ие бола аласың, – дейді тәжірибелі маман.

Сонымен бірге ол мемлекеттік қызметтің беделін арттыру үшін мамандардың біліктілігін жетілдіруге арналған оқу семинарлары мен тәжірибе алмасу алаңдарын жиі ұйымдастырудың маңыздылығына тоқталды. Әңгімесінің соңында кейіпкеріміз әріптестеріне ақжарма тілегін жолдады.

– Барша әріптестерімді Мемлекеттік қызметші күнімен шын жүректен құттықтаймын! Еліміздің дамуы жолындағы жауапты қызметтеріңізге адалдық, тазалық, қажыр-қайрат пен толайым табыс тілеймін. Халықтың сенімін ақтап, абырой биігінен көріне беріңіздер, – дейді Қымбат Аққожаева.

ЖАС МАМАННЫҢ ТАҢДАУЫ – ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУ

Қоғамның тұрақты дамуы мен мемлекеттің өркендеуі – өз ісіне адал, жауапкершілікті терең сезінетін білікті мамандардың еңбегіне тікелей байланысты. Әсіресе, мемлекеттік қызмет саласына келіп, ел игілігі жолында еңбек етуге бел буған жастардың қатары көбейіп келе жатқаны қуантады. Өйткені жас буынның тың көзқарасы мен жаңашыл бастамалары қоғамның дамуына серпін береді. Осындай елге қызмет етуді өмірлік ұстанымына айналдырған жастардың бірі – Қалтабан ауылдық округі әкімінің аппаратының бас маманы Сандұғаш Әбінаймова.

Жас маман үшін мемлекеттік қызмет – жай ғана мамандық емес, елге, туған жерге адал қызмет етудің жарқын үлгісі. Оның айтуынша, бұл салаға келуге ең алдымен қоғамға пайдалы болсам, ауылдың дамуына өз үлесімді қоссам деген ниет себеп болған.

– Туған жердің өркендеуіне үлес қосу – әр азаматтың парызы деп есептеймін. Мемлекеттік қызмет халықпен тығыз байланыста болып, олардың мәселелерін шешуге мүмкіндік береді. Сондықтан бұл мамандықты саналы түрде таңдадым. Бұл шешіміме отбасымның тәрбиесі мен үлкендердің өнегесі де әсер етті. Алғашында мемлекеттік қызметке, 1 жыл, үш ай бұрын орналасқанымда көбіне құжаттармен жұмыс істеумен байланысты елестеткенім рас. Уақыт өте келе бұл саланың маңызын терең түсіндім. Өйткені мемлекеттік қызмет – әрбір шешімнің артында адам тағдыры тұрған, үлкен жауапкершілікті, кәсібилікті және сабырлылықты талап ететін ерекше сала, – дейді жас маман.

Өзінің айтуынша, еңбек жолының алғашқы күндері толқумен басталған. Жаңа ұжымға бейімделу, қызметтік міндеттерді меңгеру, тұрғындармен тікелей жұмыс істеу – жас маман үшін үлкен тәжірибе мектебіне айналды. Кез келген жаңа ортаға үйрену оңай болмағанын айтқан Сан-дұғаш, әріптестерінің қолдауы мен тәжірибелі мамандардың бағыт-бағдарының арқасында жұмысқа тез бейімделіп, олардан көп нәрсе үйренгенін, әлі де үйренері көп екенін айтты.

Еңбек жолындағы есте қалған сәттердің бірі – ауыл тұрғындарының мәселесін шешуге атсалысып, олардың шынайы алғысына бөленген кезі. Оның пікірінше, халықтың ризашылығы мен сенімі – мемлекеттік қызметкер үшін ең үлкен марапат.

Жас маман ретінде тәжірибенің аздығы, әр істің жауапкершілігі, заңнамалық талаптарды жетік меңгеру қажеттілігі алғашқы кезеңде белгілі бір қиындықтар туғызған. Дегенмен, үнемі ізденіп, білімін жетілдіру, жаңа талаптарға бейімделу және әріптестерінің қолдауын сезіну арқылы бұл қиындықтарды еңсеріп келеді.

Сандұғаш Әмірханқызы қызмет барысында тәжірибелі мамандардан тәлім алатынын да айтып өтті. Әсіресе, халықтың қызмет көрсетуде адалдық, жауапкершілік,



сабырлылық пен заңдылық қағи-дاتтарын басты орынға қоюдың маңызын түсінген.

– Мемлекеттік қызметкер үшін ең бастысы – халықтың сенімін ақтау. Әрбір азаматтың өтінішіне бей-жай қарамай, заң аясын-да әділ шешім қабылдау маңызды. Өйткені адамдардың мемлекетке деген сенімі біздің жұмысымызға байланысты қалыптасады. Тұрғындармен күнделікті қарым-қатынас жасау маған адамдарды тыңдай білуді, әр мәселенің астарында нақты өмірлік жағдай жатқанын түсінуді, сабыр сақтап, жан-жақты ойлауды үйретті. Мемлекеттік қызмет адамды шыдамдылыққа, төртіп-ке және жауапкершілікке баули-ды,– дейді жас мемлекеттік қыз-метші.

Бүгінде жастар арасында мемлекеттік қызметке қызығушылық танытып, елдің дамуына өз үлесін қосуға ниетті азаматтар аз емес. Сандұғаш Әмірханқызы да жас буынның қоғам өміріне белсенді араласып, мемлекеттік қызметтің мәртебесін арттыруға үлес қосатынына сенеді.

– Қазіргі жастар білімді, ізденімпаз. Олар жаңашылдыққа бейім. Егер ер жас өз саласында адал еңбек етіп, қоғамға пайдасын ти-гізуді мақсат етсе, еліміздің бола-

шағы да жарқын болады. Алдағы уақытта кәсіби тәжірибемді жетілдіріп, өз саламның білікті маманы атануды мақсат етемін. Әсіресе, ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына, инфрақұрылымының жақсаруына, тұрғындардың тұрмыс сапасының артуына өз үлесімді қосуды көздеймін. Сонымен қатар жастардың бастамаларына қолдау көрсетіп, ауылдық жерлерде жаңа мүмкіндіктердің қалыптасуына атсалысуды маңызды міндеттерімнің бірі деп санаймын, – дейді ол.

Қазіргі таңда көптеген жастар жеке секторды таңдағанымен, Сандұғаш мемлекеттік қызметтің өзіндік ерекшелігі мен маңызын жоғары бағалайды. Өйткені бұл сала – тек тұрақты жұмыс орны ғана емес, халық сенімін арқалап, қоғам мүддесі жолында қызмет ететін жауапты міндет.

Мемлекеттік қызметкер болу – үлкен мәртебе әрі зор жауапкершілік екенін түсінген ол, әр күн сайын жаңа міндеттер мен жаңа тәжірибе жинақтауда. Тәжірибелі мамандармен бірге еңбек ету өзінді дамытып, үнемі ізденуге жетелейтінін білетін жас маман, бұл салада кәсіби тұрғыдан өсіп, ел игілігі үшін аянбай еңбек еткісі келеді.

Өйгерім КАРИМАН

ӨНЕР МЕН БЕРЕКЕ ТОҒЫСҚАН ТАҒЫЛЫМДЫ КҮН

Жаңажол ауылдық округінің күндері аясында ұйымдастырылған мерекелік шара рухани мазмұндағы театр қойылымымен бастау алып, көпшілікке көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. «Оймауыт» халық театры Дулат Исабековтің «Әпке» драмасын сахналап, көрерменге тағылымды ой ақтады. Шараға Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Орал-Қосай Байсеңгір мен ақын Ершат Қайболдин қатысып, өнерсүйер қауыммен жүздесті.

Мәдени шараның шымылдығын ашқан «Әпке» қойылымында отбасы құндылықтары, адамгершілік, жауапкершілік, бауырлар арасындағы сыйластық пен жанашырлық мәселелері тереңнен көрініс тауып, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді.

Одан кейін мерекелік іс-шара аудандық мәдениет үйі алаңында жалғасын тапты. Бұл жерде ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі, қолөнер көрмелері мен ұлттық спорт ойындары ұйымдасты-

рылып, жергілікті өнімдер мен шеберлердің туындылары көпшілік назарына ұсынылды.

Концерттік бағдарламада әсем әндер шықалып, сахналық қойылымдар көрермен көңілінен шықты.

Тағылымды шара ауыл тұрғындары мен қонақтарына рухани азық сыйлап, Жаңажол ауылдық округінің мәдениеті мен жетістіктерін насихаттаған мазмұнды мерекеге айналды.

"Жем-Сағыз" ақпарат





ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҢ АЛДЫН АЛУ — ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ БАСТЫ МІНДЕТІ!

Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу – полиция қызметінің маңызды бағыттарының бірі. Өйткені жас ұрпақтың қауіпсіздігі мен дұрыс қалыптасуы қоғамның болашағына тікелей әсер етеді.

Қазіргі таңда жасөспірімдердің құқық бұзушылыққа баруына түрлі факторлар ықпал етуде. Олардың қатарында ата-ана бақылауының жеткіліксіздігі, бос уақыттың тиімді ұйымдастырылмауы, әлеуметтік желілердің теріс әсері және жағымсыз ортаға еліктеу бар. Сондықтан бұл мәселеге тек құқық қорғау органдары ғана емес, ата-аналар, білім беру ұйымдары және қоғам болып ерекше назар аударуымыз қажет.

Полиция қызметкерлері білім беру ұйымдарында тұрақты түрде профилактикалық кездесулер өткізіп, оқушыларға құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізуде. Мұндай шаралардың мақсаты жасөспірімдердің құқықтық сауаттылығын арттыру, заң талаптарын түсіндіру және құқық бұзушылықтың салдарын ұғындыру.

Құрметті ата - аналар! Балаларыңыздың тәрбиесіне ерекше

Байғанин ауданы полиция бөлімі

ТАЗА САНА-ТАЗА ӨМІР

Қазіргі таңда нашақорлық-қоғам дертіне айналып отырған өзекті мәселелердің бірі. Есірткіге тәуелділік адам денсаулығына ғана емес, оның отбасы мен болашағына да үлкен зиян келтіреді. Әсіресе жастар



арасында зиянды әдеттердің таралуы алаңдатарлық жағдай. Есірткі қолдану адамның өмірін құрдымға жетелейді. Денсаулық нашарлап, оқу мен еңбекке деген қызуғушылық төмендейді. Сонымен қатар есірткі бизнесі түрлі қылмыстардың көбеюіне себеп болады. Сондықтан нашақорлықтың алдын алу-барша қоғамның ортақ міндеті. Жастарды спортқа, білімге және салауатты өмір салтына баулу арқылы ғана біз бұл індеттің алдын ала аламыз. Әр адам өз болашағына жауапкершілікпен қарап, зиянды әрекеттерден аулақ болуы керек. Болашағымыз жарқын болуы үшін есірткіге «Жоқ» деп айтайық!

«Қона ауылдық округі әкімі аппараты» ММ

КОНСТИТУЦИЯ ЖӘНЕ МЕНІҢ ҚҰҚЫҒЫМ

Қазақстан Республикасының Конституциясы – еліміздің басты заңы және әр азаматтың құқықтары мен бостандықтарының кепілі. Конституция қоғамдағы тәртіп пен тұрақтылықты қамтамасыз етіп, мемлекет пен азамат арасындағы қарым-қатынасты реттейді.



Өрбір азаматтың білім алуға, еңбек етуге, денсаулығын сақтауға, өз пікірін еркін білдіруге және заң алдында тең болуға құқығы бар. Бұл құқықтардың барлығы Конституцияда бекітілген. Сонымен қатар, азаматтардың заңдарды сақтау, басқа адамдардың құқықтарын құрметтеу және Отанды қорғау сияқты міндеттері де қарастырылған.

Байғанин аудандық мемлекеттік қазынашылық басқармасы.

ҚОҚЫСТЫ ЖАҒУ – ҮЛКЕН АПАТҚА ӘКЕП СОҒАДЫ!!!

Құрметті аудан тұрғындары!!! Байғанин ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі ескертеді: Қоқысты бақылаусыз жағу жағдайлары қазіргі таңда көп кездеседі. Осындай жағдайлар әдетте қоқысты үйіндеу және жағу кезіндегі талаптарды бұзу салдарынан туындайды.

Ескеріңіз: Сіз аулаңызға қоқыс жаққанда жанған қоқыстың түтіні мен иісі көрші тұрған тұрғындарға зиянын тигізеді. Тыныс алу жолдарымен ауыратын адамдарға денсаулығына кері әсерін тигізеді. Сонымен қатар үйлерге, сарай және қораларға, одан қалды аулада жиналған шөпке жақын қоқыс жағу салдарынан ұшқыны ұшып өртке ұла-

ту жұмыстарын жүргізгенде және табиғат аясында демалғанда ашық отты пайдалану кезінде аса сақ болыңыз.

Егерде бұл талаптар сақталмаған жағдайда:

Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Кодексінің 336-бабына сәйкес Қалдықтарды жинап қою немесе жағу кезінде атмос-



сып жатады. Сол себепті құрметті аудан тұрғындары өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтауларыңыз сұралады.

Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі Ережелерінің талаптарына сәйкес қоқысты жағу, тек ашық аумақтарда, желсіз күндерде әр-түрлі ғимараттар, құрылымдар және сақталған материалдардан 50 метр қашықтығында және алғашқы өрт сөндіру құралдары (өрт сөндіргіш, су) бар болған жағдайда ғана рұқсат етіледі.

Ашық алаңдардағы қоқысты бақылаусыз жағу үлкен апатқа әкеп соғады. Ауланы тазарту үшін, қоқысты өртеп, оны бақылаусыз қалдыру салдарынан сіз айналасыңдағы қаншама затқа орасан зиян әкелетінінзді түсінгеніңіз абзал. Өрт салдарынан адам өміріне де қауіп төнетінін ескеріңіз. Аулада көктемгі тазар-

фералық ауаны қорғау және өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды сақтамау – жеке тұлғаларға – жиырма (86500 теңге), лауазымды адамдарға – елу (216250 теңге), шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – екі жүз (865000 теңге), орта кәсіпкерлік субъектілеріне – үш жүз (1297500 теңге), ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бес жүз (2162500 теңге) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді. (1 айлық есептік көрсеткіш - 4325 теңге). Сол себепті тазалық жұмыстарын жүргізу барысында өрт талаптарын сақтап, қауіпсіздік ережелерін ұмытпаңыз.

Төтенше жағдай орын алғанда 101 немесе 112 телефонына хабарласыңыздар.

Байғанин ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТ АЛУШЫЛАРДЫҢ БҰЗЫЛҒАН ҚҰҚЫҚТАРЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛДІ

Егемендік алған жылдардың ішінде қоғам дамуының барлық саласында түбегейлі оңтайлы өзгерістер орын алып келеді. Соның ішінде, мемлекеттік органдардың тиімді жүйесі мен құрылымы жасалды. Мемлекеттік қызмет жүйесін электронды форматта жетілдіру және оған азаматтардың еркін қолжетімділігін қамтамасыз ету үкімет алдында тұраған маңызды стратегиялық міндеттің бірі болып табылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер — жеке мемлекеттік функцияларды іске асырудың бір түрі. Ол қызмет алушылардың өтініші бойынша жекеше түрде олардың құқықтары мен бостандықтарын заңдылықтарға сәйкес іске асырады. Мемлекет алдына қойылған негізгі міндеттердің бірі — жоғары сапалы мемлекеттік қызмет көрсетуге барлық халықтың бірдей қол жеткізуі. Бұл мәселе заң жүзінде бекітілген.

Бүгінгі таңда қызмет алушылардың құқықтарын қорғау және қалпына келтіру Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің тарапынан жүзеге асырылады. Агенттіктің Ақтөбе облысы бойынша департаменті өңір тұрғындарының сапалы әрі уақытылы мемлекеттік қызмет алуын қамтамасыз ету мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді қадағалау жұмыстары – жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер, сұрау салу, байқау, қашықтықтан бақылау шаралары, сондай-ақ Telegram-бот арқылы және өзге де байланыс арналары арқылы келіп түскен өтініштер негізінде жүзеге асырылады. Өрбір өтініш жан-жақты қаралып, заңнама талаптарының сақталуы мұқият тексеріледі.

Аталмыш бағыттағы жұмыстар аясында Департаменттің жүргізген байқау арқылы тексерісі кезінде “Ақтөбе қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі” мемлекеттік мекемесінің «Республикалық маңызы бар қала, астана, облыстық және аудандық маңызы бар қалалар шеңберінде жер

учаскесіне құқықтар алу» мемлекеттік көрсетілетін қызметін алу кезінде мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі бойынша кемшіліктер анықталған. Аталған заңбұзушылыққа байланысты қызмет алушылардың құқығы заңнамаға сәйкес қалпына келтірілді.

2026 жылдың 1-тоқсанында жалпы 650 қызмет алушының құқығы қалпына келтірілген. Оның ішінде жоспарлы тексеру бойынша – 151, жоспардан тыс тексеру аясында – 7, байқау аясында – 483 және сұрау салу арқылы – 9 құқық қалпына келтірілген. Өрбір факт бойынша жауапты мемлекеттік органдарға тиісті ұсынымдар жолданып, заңнама талаптарын қалпына келтіру жөнінде нақты шаралар қабылданды. Сонымен қатар, алдағы уақытта мұндай құқық бұзушылықтарға жол бермеу мақсатында жауапты бөлімдерге түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, ішкі бақылау тетіктерін күшейту тапсырылды.

Мұндай жұмыстар мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыруға, ашықтық пен заңдылық қағидаттарын нығайтуға бағытталған. Департамент алдағы уақытта да азаматтардың құқықтарын қорғау және мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы заң бұзушылықтардың алдын алу бағытында жүйелі жұмыстарын жалғастыра бермек.

Дәкен Еңлік Ертақызы – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер басқармасының бас маманы.

Жұмабаев Төлеген Мұқыпұлы



Байғанин аудандық ардагерлер кеңесі ауданымыздың қадірлі азаматы, ұлағатты ұстаз, ардагер педагог Төлеген Мұқыпұлы Жұмабаевтың дүниеден озуына байланысты отбасы мен туған-туыстарының, ағайын-туыстары мен шәкірттерінің қайғысына ортақтасып, шынайы көңіл айтады.

Төлеген Мұқыпұлы 1949 жылы Байғанин ауданының Кемерши ауылында дүниеге келіп, бүкіл саналы ғұмырын білім мен тәрбие саласына арнады. Жоғары педагогикалық білім алғаннан кейін еңбек жолын мұғалім болып бастап, кейін мектеп директорының орынбасары, мектеп директоры қызметтерін абайымен атқарды. Ұзақ жылдар бойы Сағыз орта мектебіне басшылық жасап, білім сапасын арттыруға, жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтар мен адамгершілік қасиеттерді сіңіруге зор еңбек сіңірді.

Өз ісіне адал, талапшыл да әділ басшы ретінде әріптестерінің құрметіне бөленген Төлеген Мұқыпұлы ауданның білім беру жүйесінің қалыптасуы мен дамуына елеулі үлес қосты. Оның кәсіби шеберлігі мен жемісті еңбек мейлемет тарапынан жоғары бағаланып, көптеген марапаттарға ие болды.

Төлеген Мұқыпұлының өнегелі өмір жолы, азаматтық келбеті мен ұрпақ тәрбиесіне қосқан үлесі кейінгі буынға үлгі болып қала береді. Оның жарқын бейнесі әріптестерінің, шәкірттерінің және оны жақы білетін барша жандардың жүрегінде мәңгі сақталады.

Марқұмның отбасы мен туған-туыстарына, ағайын-бауырларына қайғыра көңіл айтып, сабыр мен төзім тілейміз.

Жатқан жері жайлы, топырағы торқа, иманы саламат, жаны жәннатта болсын.

Байғанин аудандық ардагерлер кеңесі

САЛЬМОНЕЛЛЕЗДЕН САҚ БОЛАЙЫҚ!

Жаз мезгілі - демалыс пен табиғат аясындағы серуеннің ғана емес, түрлі жұқпалы аурулардың таралу қаупі артатын кезең. Әсіресе ауа температурасының жоғарылауы азық-түлік өнімдерінде қауіпті бактериялардың көбеюіне қолайлы жағдай туғызады. Тез бұзылатын тағамдарды сақтау талаптарының сақталмауы немесе сапалы күзән тудыратын өнімдерді пайдалану адам денсаулығына елеулі қауіп төндіруі мүмкін. Осындай қауіпті инфекциялардың бірі – сальмонеллез.



Сальмонеллез – асқазан-ішек жолдарын зақымдайтын жіті жұқпалы ауру. Оның қоздырығышы – сыртқы орта жағдайларына тәзімді келетін сальмонелла бактериясы. Ауру көбінесе тағам арқылы таралады. Инфекцияның негізгі көзі ретінде ет және ет өнімдері, құс еті, жұмыртқа, сүт өнімдері мен крем қосылған кондитерлік тағамдар саналады. Мамандардың айтуынша, үй жағдайында жеткілікті термиялық өңдеуден өтпеген өнімдер инфекция жұқтыру қаупін едәуір арттырады. Сондықтан тағам дайындау барысында санитариялық талаптарды сақтау ерекше маңызға ие.

Сальмонеллездің жасырын кезеңі бірнеше сағаттан екі – үш күнге дейін созылуы мүмкін. Бактерия адам ағзасына түскен соң жіңішке ішекке орналасып, улы заттар бөледі. Соның салдарынан ағзадағы су-түз теңгерімі бұзылып ас қорыту жүйесі мен жүйке жүйесінің қызметіне кері әсер етеді. Ауру көбіне аяқ астынан басталады. Науқастың дене қызуы көтеріліп, ал-сіздік пайда болады. Бас ауруы, қалтырау, жүрек айну, құсу және іштің ауруы байқалады. Кейін іш өту белгілері қосылып, ағзаның жалпы улану жағдайы күшейеді. Аурудың ауыр түрлерінде дене қызуы 39 градусқа дейін және одан да жоғары көтерілуі мүмкін. Дәрігерлер сальмонеллез белгілері байқалған жағдайда өз бетінше емделмей, дереу медициналық көмекке жүгінуге кеңес береді. Уақытылы көрсетілген көмек аурудың асқынуына жол бермейді. Емдеу барысында ағзадағы сұйықтық тапшылығын толықтыру, арнайы диета сақтау және дәрігер тағайындаған емдік шараларды орындау маңызды. Дегенмен кез келген ауруды емдегеннен гөрі оның алдын алған әлдеқайда тиімді. Сондықтан мамандар қарапайым санитариялық-гигиеналық талаптарды сақтауға шақырады.

Ең алдымен азық-түлік өнімдерін рұқсат етілмеген сауда орындарынан немесе кездейсоқ сатушылардан сатып алмау

қажет. Әсіресе жұмыртқа, ет және сүт өнімдерінің сапасына ерекше мән берген жөн.

Тез бұзылатын тағамдарды тоңазытқышта белгіленген сақтау мерзімі шегінде сақтап, шикі және дайын өнімдерді бөлек орналастыру керек. Бұл бактериялардың бір өнімінен екіншісіне таралуының алдын алады.

Дайын тағамдардың қалдықтарын пайдаланар алдында міндетті жақсылап қыздыру қажет. Ал жұмыртқаны кемінде он минут қайнатып пісіру немесе екі жағынан толық қуырылған күйде тұтынған дұрыс.

Тағам дайындау кезінде шикі етке, көкөністерге және дайын өнімдерге арналған жеке тақтайлар мен пышақтарды пайдалану маңызды. Шикі ет пен құс өнімдерін тұрағаннан кейін барлық ас үй құралдарын ыстық сумен және жуғыш заттармен мұқият тазалау қажет.

Сонымен қатар шикі және дайын тағамдардың өзара жана-суына жол бермеу керек.

Жолға шыққанда немесе ұзақ сапарларда тез бұзылатын тағамдарды алып жүруден бас тартқан жөн.

Жеке бас гигиенасын сақтау да инфекцияның алдын алудағы басты талаптардың бірі. Тамақ дайындаудың алдында, ас ішер алдында көшеден келген соң және дәретханадан кейін қолды сабынмен мұқият жуу көптеген жұқпалы аурулардың таралуына тосқауыл болады.

Денсаулық – адам өміріндегі ең үлкен байлық. Сондықтан қарапайым сақтық шараларын орындау арқылы өзіңізді де, жақындарыңызды да сальмонеллез секілді қауіпті жұқпалы аурулардан қорғай аласыз. Өрбір азамат санитариялық талаптарға жауапкершілікпен қарап, тағам қауіпсіздігі мәдениетін қалыптастырған жағдайда ғана жұқпалы аурулардың таралуын төмендетуге болады.

Байғанин аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Ж.У.НҰРПА

Меншік иесі:
«Қадір Ұлықпан Қаратайұлы» ЖК

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму Министрлігі
Байланыс ақпараттандыру және
ақпарат комитетінде
2015 жылғы 8 сәуірде тіркеліп,
№151190-Г куәлігі берілген.

ЖЕМ - САҒЫЗ

Директор — Редактор Ұлықпан ҚАДІР

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді. Оны қайтармайды.
Редакцияның тапсырмасы бойынша жазылмаған материалдарға қаламақы төленбейді.
Авторлық мақалалар редакцияның түпкілікті көзқарасы болып табылмайды.
Жарнамалар мен хабарландырудың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
* Газеттегі кейбір суреттер ғаламтордан алынды.

«Жем - Сағыз» газеті редакциясының мекенжайы:
030300, Байғанин ауданы
Қарауылкелді селосы,
Д. Қонаев көшесі, №35

Газет аптасына бір рет шығады
Индексі: 65512
Таралымы 1404
Тапсырыс №885
Көлемі 1 баспа табақ.